Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің диссертанты Молбасынова Жумакул Маратовнаның 8D03107 - Психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушының сыни ойлауын дамыту арқылы оның эмоциялық интеллект деңгейін арттыру, өмірлік және оқу-танымдық мәселелерді шешуде саналы, икемді және жауапты шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты сыни ойлаудың эмоциялық интеллектке психологиялық әсерін теориялық және эмпирикалық тұрғыда зерттеу ғылыми және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына психологиялық әсерін зерттеу қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің даму деңгейін үйлесімді қалыптастыруға, қазіргі білім беру ұйымдарына сыни ойлауды дамытуға бағытталған инновациялық психологиялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді жүйелі енгізу қажеттілігі бұл мәселенің ғылыми және қолданбалы маңызын арттырады.

Автордың ұсынып отырған диссертациялық жұмысының негізгі идеясы – оқушылардың негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру үдерісінде сыни ойлау механизмдерін белсенді қолдану арқылы олардың эмоциялық интеллектісін дамыту нәтижелеріне қол жеткізу болып табылады.

Ж.М.Молбасынованың зерттеу тақырыбының өзектілігі - сыни ойлауды тек когнитивтік қабілет ретінде ғана емес, сонымен қатар эмоциялық тәжірибені құрылымдауға, оқушының ішкі күйін саналы түрде реттеуге ықпал ететін психологиялық механизм ретінде қарастырады. Осы тұрғыда сыни ойлау арқылы эмоциялық интеллектіні дамыту оқушылардың тұлғалық жетілуінің маңызды факторы ретінде негізделеді. Аталған зерттеу оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына сыни ойлаудың психологиялық ықпалын кешенді түрде қарастыратын өзекті ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады.

Диссертациялық жұмыста сыни ойлау мен эмоциялық интеллект ұғымдарына жан-жақты теориялық талдау жасалып, олардың психологиялық құрылымы мен өзара байланысының мазмұндық сипаттамасы негізделген. Сонымен қатар, сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына психологиялық әсер ету механизмдері эмпирикалық тұрғыдан зерттеліп, сыни ойлау өлшемдерінің эмоциялық интеллект компоненттерінің дамуына ықпал ету ерекшеліктері айқындалды. Жұмыстың теориялық бөлімінде диссертант зерттеу тақырыбына қатысты негізгі ұғымдар мен ғылыми еңбектерге терең талдау жүргізеді. Зерттеу барысында сыни ойлаудың

психологиялық сипаттамаларын анықтауда заманауи диагностикалық және өлшеу технологиялары қолданылып, алынған нәтижелер арнайы цифрлық құралдар негізінде өңделген. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста тек эмпирикалық деректерді жинақтау және талдаумен шектелмей, сыни ойлаудың эмоциялық интеллектке ықпал етуінің теориялық-әдіснамалық мәселелері жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, сыни ойлау ұғымының психологиялық мазмұны нақтыланып, оның құрылымдық компоненттері мен эмоциялық интеллект арасындағы өзара байланысы ғылыми тұрғыдан негізделген.

Зерттеу барысында сыни ойлауды диагностикалауға арналған «Сыни ойлау қабілетін бағалау» (Tom Chatfield) және «Сыни ойлауды бағалауға арналған тест-сауалнама» (А.С. Байрамов) әдістемелері қазақ тіліне аударылып, бейімделді. Әдістемелерді бейімдеу барысында олардың психометриялық сипаттамалары арнайы тексеріліп, сенімділігі мен валидтілігі бағаланды. Атап айтқанда, тест тапсырмаларының ішкі келісімділігі мен әдістемелердің сенімділік деңгейі Кронбахтың α коэффициенті арқылы анықталды.

Зерттеудің тәжірибелік кезеңінің негізгі мазмұнын білім беру мекемесі жағдайында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісін дамыту моделін және арнайы дамыту бағдарламасын әзірлеу мен сынақтан өткізу құрады. Теориялық талдау нәтижелері мен бастапқы психодиагностикалық зерттеу деректері негізінде сыни ойлаудың оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына психологиялық әсер ету ерекшеліктерін ескеретін «Мектеп оқушыларында сыни ойлау мен эмоциялық интеллектіні дамыту моделі» әзірленді.

Ұсынылған модель оқушының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектісінің даму үдерістерінің өзара ықпалдастығына негізделіп, оның құрылымында эмоцияларды тану, эмоциялық өзін-өзі реттеу, эмпатия, рефлексия, дәлелдерді бағалау, ақпараттың шынайылығы мен негізділігін саралау, балама пікірлерді салыстыру, сыни сұрақтар қою және негізделген шешім қабылдау компоненттері біртұтас жүйеде өзара байланыстырылған. Модельдің құрылымы оқушылардың эмоциялық жағдайды саналы түрде қабылдауы мен басқаруын ғана емес, сонымен бірге ақпаратты сыни тұрғыдан талдау, пайымдау және саналы шешім қабылдау қабілеттерін кешенді дамытуға бағытталған.

Зерттеу барысында әзірленген «Оқушылардың эмоциялық интеллектісін дамытудағы сыни ойлаудың маңызы» атты дамыту бағдарламасы диссертациялық жұмыстың маңызды тәжірибелік нәтижелерінің бірі болып табылады.

Бағдарламаның мазмұнына психологиялық жаттығулар, жеке және топтық рефлексиялық тапсырмалар, мәселелік жағдаяттарды талдау, пікірталас пен топтық дискуссия әдістері, дәлелдерді салыстыру тапсырмалары, сыни сұрақтар қою, негізделген шешім қабылдау тапсырмалары, эмоциялық өзін-өзі бақылау мен өзіндік реттеу элементтері енгізілген. Мұндай кешенді тәсіл оқушының сыни ойлауы мен эмоциялық

интеллектісінің бір-бірінен бөлек емес, өзара байланыста дамытуға мүмкіндік береді.

Ізденушінің зерттеу жұмысы ғылыми және әдіснамалық талаптарға сәйкес орындалған, қойылған мақсат пен міндеттер толық шешімін тапқан. Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Жұмыс психология ғылымының өзекті мәселесін шешуге бағытталған, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен практикалық құндылығы жеткілікті деңгейде дәлелденген.

Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектері ғылыми мақалалар сериясы ретінде зерделенді. Әрбір жарияланымның мазмұны, ғылыми деңгейі, зерттеу нәтижелерін ұсыну сапасы және диссертация тақырыбымен сабақтастығы жан-жақты қарастырылды. Жарияланған еңбектерде зерттеудің негізгі идеялары, теориялық-әдіснамалық тұжырымдары, ғылыми нәтижелері мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары жүйелі түрде көрініс тапқан. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы ғылыми және әдіснамалық талаптарға сәйкес орындалған, қойылған мақсат пен міндеттер толық шешімін тапқан. Диссертацияның мазмұны, құрылымы, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы өзара үйлесімділігімен ерекшеленеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің диссертанты 8D03107 - Психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Молбасынова Жумакул Маратовнаның «Оқушылардың сыни ойлауының эмоциялық интеллектінің дамуына психологиялық әсері» тақырыбындағы диссертациясы ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары, мазмұндық жағынан аяқталған, дербес орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері жеткілікті деңгейде негізделген, қорғауға ұсынылған қағидаттар толық дәлелденген және мектепте білім беру тәжірибесінде қолдануға бағытталған. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған байланысты диссертант Молбасынова Жумакул Маратовнаға 8D03107 - психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деген қорытынды жасаймын.

Ғылыми жетекші: әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, психология ғылымдарының докторы, профессор Токсанбаева Н.К.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Сағындықова Д.С. / D.S.
«15» 10 2026 ж.

«әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»
Non-profit joint-stock company «Al-Farabi Kazakh National University»
PARABI
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
1934
БИН
990140001154